



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

25.02.2025 жыл

№ 4, 4-т.

Кәсіподақтың 2024 жылғы құқық қорғау жұмысының қорытындысы туралы.

Кәсіподақтың Орталық Комитеті Аппаратының құқықтық жұмыстар, ЕҚЖЕҚ бөлімінің басшысы Р.М. Қыдырбаеваның ақпаратын тыңдап және талқылай келе, Атқару Комитеті атап көрсетеді:

2024 жылы кәсіподақ құрылымдарымен кәсіподақ мүшелерінің еңбек құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған бірқатар жұмыстар атқарылды.

2025 жылдың 1 қаңтарына штаттық кәсіподақ заңгерлерінің жалпы саны 46 адамды құрайды. Орташа есеппен Кәсіподақ бойынша 1 құқықтық еңбек инспекторына (заңгерге) **12 647**(2023 жылы – 12 428) кәсіподақтың жұмыс істейтін мүшелерінен келеді.

Қызметкерлерді қорғау тәсілдерінің бірі – *өтініштермен және консультациялық қызметтермен* қамтамасыз етілген жұмыс. Есепті жылы барлығы **34 201** кәсіподақ мүшелерінің өтініштері (2023 жылы – 47 565) қаралды, бұл өткен жылмен салыстырғанда **28,1%-ға** аздау. Жалпы көрсеткіштің азаюы есептілік критерийлерінің өзгеру салдары болып табылады. Өтініштердің ең көп саны еңбекақыға байланысты – **13 382** (17 440), еңбек және ұжымдық шарттардың талаптарын орындамауына байланысты – **2 753** (3 764).

Кәсіподақ заңгерлері қызметкерлерге жеке еңбек дауларын келісу комиссияларында қарауға **715** (547) жағдайда құқықтық көмек көрсетті, бұл өткен жылмен салыстырғанда **30,7%-ға**, соттарда **52** (42) жағдайға өскен.

Құқықтық қызметтің жәрдемдесуімен есепті жылы **24** заңсыз жұмыстан босатылған қызметкерлер - кәсіподақ мүшелері жұмысқа қайта алынды, мына облыстарда келіссөздер жүргізу арқылы қызметкерлерді заңсыз жұмыстан босатудың алдын алды: Қызылорда – 60, Ақмола – 9, Ақтөбе – 7, Павлодар – 3, Шығыс Қазақстан – 2, Солтүстік Қазақстан – 2, Абай – 15, Жетісу – 3, «Қамқор» облыстық ұйымында – 4.

2024 жылы еңбек заңнамасының орындалуына қоғамдық бақылау жүргізу аясында **2 653** тексерулер өткізілді. Бақылау жүргізу барысында **4 828**

еңбек заңнамасының бұзылуы анықталды. Оның ішінде **1 355-і** еңбекке ақы төлеу бөлігінде, **1 419-ы** еңбек қатынастарын ресімдеу бойынша және **464-і** жұмыс уақыты мен тынығу уақытының режимі бойынша.

Жалпы еңбек заңнамасының бұзушылықтардың тұтастай құрылымының ішіндегі жалпы санынан ең көп саны еңбек қатынастарын ресімдеу – **29,4%** (1419/4828) және еңбекке ақы төлеу – **28%** (1355/4828) бұзушылықтары бойынша орын алады.

Жалпы республика бойынша еңбек заңнамасының орындалуына қоғамдық бақылауды жүргізу бойынша қамту – **30,8%** (25,2%) құрады.

Құқықтық қызметтің тиімділігін сипаттайтын негізгі сапалық көрсеткіштер: *қайтарылған ақшалай қаражат, кәсіподақ мүшелеріне заңсыз ұсталған немесе төленбеген сомалар* болып табылады, есепті жылы бұл сома **759 740 904 теңгені** құраса, *құқықтық қызметтің экономикалық тиімділігінің сомасы* – **2 355 423 388 теңгені** құрайды.

Атқару Комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Кәсіподақтың Орталық Комитеті Аппаратының құқықтық жұмыстар, ЕҚЖЕҚ бөлімінің басшысы Р.М. Қыдырбаеваның «Кәсіподақтың 2024 жылғы құқық қорғау жұмысының қорытындысы туралы» ақпараты назарға алынсын.

2. Кәсіподақтың мүшелік ұйымдарының басқарушы органдарына:

- кәсіподақ мүшелерінің еңбек құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау бойынша Кәсіподақтың штаттық және қоғамдық құқықтық еңбек инспекторлары қызметінің тиімділігін арттыру;

- кәсіподақ органдарының мемлекеттік еңбек инспекциясымен, прокуратура мен басқа да қадағалау және бақылау органдарымен бірлескен жұмысты үйлестіру нәтижелілігін арттыру, еңбек заңнамаларының сақталуына жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер ұйымдастыру, анықталған бұзушылықтардың жою шараларын алу, кәсіподақ мүшелерінің бұзылған құқықтарының қалпына келтірілуіне ұмтылу;

- жеке еңбек дауларын шешу бойынша келісу комиссияларының шешімдерінің орындалуына және қызметкерлерге төленбеген (дұрыс есептелмеген) еңбекақыларды, әлеуметтік төлемдер мен жәрдемақыларды сот арқылы өндіріп алуға көмек көрсету;

- әлеуметтік әріптестік туралы келісімдер мен ұжымдық шарттарда көрсетілген кәсіподақ мүшелерінің әлеуметтік қорғалу деңгейінің төмендеуіне жол бермеу;

- Кәсіподақ сайты мен кәсіподақтық ақпараттық ресурстар арқылы құқықтық қорғау жұмыстарын жариялауды қамтамасыз ету;

- жаңа ақпараттық технологиялар мен озық тәжірибелерді қолдана отырып, жеке және ұжымдық үздіксіз және жүйелі заңгерлік оқыту арқылы құқықтық инспекторлар мен кәсіподақ активтерінің біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету;

3. Орталық Комитеті Аппаратының құқықтық жұмыстар, ЕҚЖЕҚ бөліміне:

- Кәсіподақ қызметін іске асыру кезінде ықпал ететін ҚР Еңбек кодексіне және ҚР «Кәсіптік одақтар туралы» заңына өзгерістер енгізу жөніндегі заңнамалық ұсыныстарды дайындау кезінде Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясымен белсенді өзара іс-қимыл жасау;

- Оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім саласы қызметкерлерінің еңбек және әлеуметтік-экономикалық құқықтарын қозғайтын ведомстволық нормативтік құқықтық құжаттарды жасақтау бойынша уәкілетті мемлекеттік органдарының жұмыс тобы құрамында Кәсіподақ өкілдерінің қатысымын қамтамасыз ету;

- кәсіподақ құқықтық инспекциясының қызметін нормативтік құқықтық, әдістемелік, ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді және ақпараттық сүйемелдеуді жетілдіру жөніндегі жұмысты одан әрі жүзеге асыру;

- еңбек және әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша сот шешімдерін жинақтау, талдау және тарату бойынша жұмыстарды әрі қарай жалғастыру;

- құқықтық мәселелер бойынша Кәсіподақ ұйымдарын әдістемелік және ақпараттық сүйемелдеуді қамтамасыз ету;

- еңбек заңнамаларының өзекті өзгерістері бойынша Кәсіподақтың мүшелік ұйымдарына ақпараттық материалдарды әзірлеп жіберу тапсырылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақ Төрағасының Орынбасары В.Ф. Беженаровқа жүктелсін.

Төраға



А. Мұқашева